

ISSN 1563-0285  
Индекс 75873: 25873

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

# ҚазҰУ ХАБАРШЫСЫ

Халықаралық қатынастар және халықаралық құқық сериясы

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

# ВЕСТНИК КазНУ

Серия международные отношения и международное право

AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

# KazNU BULLETIN

International relations and international law series

№2 (70)

Алматы  
«Қазақ университеті»  
2015

Байгісіев М.К.,  
Оспанбаев Ж.А.

**Экономикалық  
өсу теориясындағы  
бәсекелі екі концепция**

Мақалада экономикалық өсүдің теориялық мәселелері бойынша екі концепция – кейнстік және неоклассикалық концепцияның теориялық пікірталас мәселелері қарастырылған. Барлық, неоклассикалық модельдер еңбек пен капитал өсүдін, механизм мен бәсекелестерді, нарық агенттерінің нарық, конъюнктурасының кез келген өзгерістеріне лезде және дәл жауап беруін жетілдірудін, еркін баға қалыптастыру мен бір фактордың басқасын еркін алмастырудың және капиталдың бір саладан басқа салага еркін құйылуының факторы ретінде қарастырылатын өндірістік функциядан келіп шығады.

Өсүдің посткейнстік моделінде келесі байланадар жасалады: инвестициялар жинақтарды анықтайды, жинақтар шығындарға қосылған құнды анықтайды, қосылған құнның мөлшері қалыпты бағаны анықтайды. Қоріп отырғанымыздай өсүдің басты факторы рөлі инвестицияларға тиесілі, оларды жүзеге асыру іргелі белгісіздік факторларымен байланысты, яғни күтупер жиі-жій ақтала бермейді. Нарықтық жүйе тұраксызығының себебі осында.

**Түйін сөздер.** экономикалық өсу теориясы, инвестиция, жынтық, сұраныс, белгісіздік, нарық.

Baygisiev M.K.,  
Ospanbayev Zh.A.

**Competing two concepts in the  
theory of economic growth**

The article examines the theoretical discussion of two concepts – the Keynesian and neoclassical – on the theoretical problems of economic growth. All neoclassical models are based on the production function in which labor and capital are seen as growth factors, perfection of the mechanism of competition and the ability of market agents instantly and correctly respond to any changes in market conditions, free pricing and free accommodation and other single factor as the free flow of capital from one field to another.

In the post-Keynesian growth model postulates: investments determine savings, savings determine an allowance for costs, the value of allowances determine the normal price. As can be seen the role of chief growth factor belongs to investment, their implementation is related to the fundamental factors of uncertainty, the expectations are often not justified. There are causes of instability of the market system.

**Key words:** theory of economic growth, investment, aggregate demand, uncertainty, market.

Байгисиев М.К.,  
Оспанбаев Ж.А.

**Конкурирующие  
две концепции  
в теории экономического роста**

В статье рассматриваются вопросы теоретической дискуссии двух концепций – кейнсианской и неоклассической – по теоретическим проблемам экономического роста. Все неоклассические модели исходят из производственной функции, в которой труд и капитал рассматриваются как факторы роста, совершенства механизма конкуренции и способности агентов рынка мгновенно и верно реагировать на любые изменения рыночной конъюнктуры, свободного ценообразования и свободного замещения одного фактора другим и столь же свободного перелива капиталов из одной сферы в другую.

В посткейнсианской модели роста постулируется: сбережения определяют инвестиции, инвестиции определяют надбавку на издержки, величины надбавки определяют нормальную цену. Как видно инвестициям принадлежит роль главного фактора роста, их осуществление связано с факторами фундаментальной неопределенности, поэтому ожидания здесь часто не оправдываются. В этом причины нестабильности рыночной системы.

**Ключевые слова:** теория экономического роста, инвестиция, совокупный спрос, неопределенность, рынок.

ӘОЖ 330.8

**Байгісіев М.Қ., \*Оспанбаев Ж.А.**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
Қазақстан Республикасы, Алматы к.  
\*E-mail: zhandoz\_01kz@mail.ru

## **ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСҮ ТЕОРИЯСЫНДАҒЫ БӘСЕКЕЛІ ЕКІ КОНЦЕПЦИЯ**

Әлемдік экономиканың бүгінгі тандағы жай-күйін бағамдайтын болсақ, оның экономикалық тұрақсыздық тұзагында тұрғанын байқар едік. Мәліметтер көрсеткендегі, жылдар бойына екі таңбалы өсу көрсеткішінен бір танбаган Қытай экономикасы 2015 жылы 7%, Қазақстан экономикасы 4%-ға өседі деп жорамалданса, Еуроодақ елдері тоқыраудан шығу жолдарын жанталаса іздестіріп, АҚШ рецесияны еңсергеніне риза болып дегендегі деректер қауалап тұр. Мұның өзі экономикалық өсу мәселесінің әлемдік шаруашылықтың ағымдағы жағдайы мен одан әрі дамуы үшін аса өзекті болып қала беретінін көрсетсе керек.

Экономикалық өсудің жаңа сапасы мен мазмұнын қалыптасыру үшін заманауи теория мен практиканың іргетасын қалап, бастауы болған классикалық экономикалық өсу теориясының жасақталу барысын ой елегінен өткізіп зерделеу әдіснамалық жадты жаңартумен қатар, мәселеге кешенді көзқарастар негізінде көшелі байладарға бағдар болары даусыз.

Сонымен, дамыған Батыс елдерінің атақты экономист-галимдары атсальысқан Кембридж (Ұлыбритания) пікірталастарында қарастырылған негізгі төрт проблеманың бірі экономикалық өсу мәселесі болған еді. Бұл жерде, әсіресе атап ететіні экономикалық өсудің теориялық проблемалары бойынша кейнсиандық және неоклассикалық концепциялардың тартысы болды.

Неоклассикалық концепцияның ең маңызды постулаты орнықты даму деп аталағын теорияға сәйкес капиталистік экономика өзінің табиғаты бойынша орнықты және сондықтан да тепе-тендік пен толық қамтуға (жұмыспен) ұмтылады деп жариялады. Дегенмен, неоклассикалық теория «толық қамтуды» жоспарлы экономикадағыдай жұмыссыздықтың жоқ болуы деп емес, ол «жұмыссыздықтың табиғи деңгейі» деп аталағын жұмысшы күші санының 5,5-тен 6,5 пайызы шектерінде орын алуы тиіс деп жорамалдады [1]. Капитализм енбектің резервтік армиясы болуына мүдделі, олар капитализмге қызмет көрсетуге дайын болуы тиіс, сондықтан «толық» қамту дегеніміз капитал қажеттілігін атқару деңгейіндегі жұмыспен қамту болып есептеледі.

Капиталистік экономиканың әрбір 10-12 жылда құлдырауы мен өрлеуінің қайталанып келе жатқанына қарамастан жүз

жылдан астам уақыт бойына неоклассиктер рыноктың өзін-өзі реттелуі мүмкіндіктеріне мызығымас сенімін сақтап және қорғап келеді. Бұл сенім классикалық мектептің өкілі Жан Батист Сэйдің тауар және қызмет көрсетулер өндірісі үдерісінің өзі өндірілген тауарлар құнына тең табыс жасайды. Өндірістің өзі жасалған игліктер мен қызмет көрсетулерді сатып алуға қажетті табысты автоматты түрде қамтамасыз етеді. «Ұсыныс өзіне сәйкес сұранысты туындалады, яғни ұсыныс пен сұраныс арасында сәйкесіздіктің болуы мүмкін емес» дейтін белгілі формуласына негізделді. Бірақ, отken ғасырдың 30-шы жылдары орын алған екі тарихи оқиға бұрынғы бір ауызыздыкты бұзды. Мұның біріншісі капитализмге баламалы Кенестер Одағында жоспарлы экономикалық жүйе пайда болып өсудін әлемде болмаған жоғары қарқының көрсетуі неоклассиктер мадақтаған капитализмнің артықшылықтарына құмән келтірді. Екінші оқиға 1929-1933 ж.ж. Ұлы құйзеліс капитализмнің беделіне зор нұқсан келтірді. Нәтижесінде неоклассикалық теорияның сұраныс пен ұсыныс сәйкестігі туралы (Сэй), рынокка қатысты құштердің тепе-тендікке ұмтылуы туралы (Вальрас, Маршалл) және жұмыссыздықтың ерікті сипаты туралы көзірлі қартасы соғылды.

Сұраныс пен ұсыныс арасындағы сәйкесіздіктің асқынғаны соншалықты Дж. М. Кейнс өзінің «Жұмыспен қамту, пайыз және ақшаның жалпы теориясы» енбегінде оны терістеудің өзін артық санап, түсіндіруге кірісті. Дәл осынын тепе-тендік пен жұмыссыздық туралы да айтуға болады. Осы мәселелер бойынша Кейнс берген түсіндірмелердің негізгілері тиімді сұраныстың шешуші рөлі туралы, экономиканы реттеу мен толық қамтуды жүзеге асырудағы инвестицияның рөлі туралы мәліметтер Харрод пен Домар талдап жасаган экономикалық осу теориясының негізін қалады. Неоклассикалық келіске баламалы кейнсиандық концепция марксистік концепцияға бір табан жақындығын көрсетті. Аталған екі концепция да капитализмнің ішкі тұрақсыздығына және автоматты түрде әрекет етуші рыноктық құштердің тепе-тендікті, жұмыспен толық қамтуды және үздіксіз экономикалық осуді қолдауга шарасыздығын дәлледеп бақты. Мүмкін, осыдан шығар қөптеген зерттеушілер Харрод пен Домардың кейнсиандық теориясы мен Г.А. Фельдманнның марксистік теориясы арасында байланыс бар екендігін атап көрсетті [2].

Әрине, зерттеу объектісінің әртүрлілігіне байланысты қолданылған тәсіл, келістерде де

айырмашылықтар болды. Г.А. Фельдман тиімді сұранысты берілген шама ретінде қарастырса, Харрод пен Домар ішкі себептермен әрекет етуші рыноктық құштер толық қамту мен экономикалық осу қарқының кепілдендірге жеткілікті деңгейде жиынтық сұранысты автоматты түрде ұстап тұруға кабілетсіз деген кейнсиандық дәлледерге сүйенеді. Осыдан барып мемлекеттің инвестиациялар мен жұмыспен қамтуды реттеуі арқылы жиынтық сұраныска әсер етуі қажеттілігі туындейды. Мұнда Харрод-Домар теориясы неоклассикалық мектептің тұжырымы бойынша инвестиацияны анықтайтын жинақ дегенге емес, керісінше жинақты инвестиация анықтайды және экономикалық осудің негізгі қозғауышы күші болып табылады деген кейнсиандық концепцияға сүйенеді. Дж. М. Кейнстиң белгілі жактасы және ізбасарларының бірі Дж. Мид оның негізгі идеясын келесідей тұжырымдайды: «Кейнстиң интеллектуалдық революциясы жинақ деп аталағын иттің инвестиация деп белгіленген құйрықты бұлғақтатудан, инвестиация деп аталағын иттің жинақ деп белгіленген құйрықты желпуін экономистердің жадына мықтап енгізді» [3].

Орнықты осу үшін инвестиацияны реттеуде тұрғындарды жұмыспен толық қамтуға немесе жұмыссыздықтың ең төменгі деңгейін ұстап тұруға кол жеткізу қажет. Осында жағдайда жиынтық сұраныстың бір бөлігі ретіндегі инвестиациялар мультипликаторды іске қосады да осу орындық сипат ала бастайды. Басқаша айтқанда, инвестиациялармен бірге халықтың табысы мен жиынтық сұранысы да есе түседі, ал мұның өзі кейнсиандық концепция бойынша экономикалық осудің негізгі моторы (коғалтқышы) ретінде қарастырылады.

Харрод пен Домар осу теориясын бір-бірінен тәуелсіз талдап жасағандықтан олардың тәсілдері мен шешулерінде белгілі бір айырмашылықтардың болуы әбден түсінікті [4]. Соның өзінде олардың сараптаудағы мақсатты ұстанымдары мен алғышарттары бірыңғай немесе өте жақын.

Сонымен, экономикалық осудің кейнсиандық концепциясының бастаударын құрайтын негізгі шарттарды қысқаша көрсетуге болады. Кейнсиандық теоретиктер экономикалық осуді сараптауға қолданған қағидатты жаңа тәсілдердің мәні мынада:

1) экономика жағдайының негізгі параметрлерін, сондай-ақ оның осу факторларын анықтаудағы жиынтық сұраныстың шешуші рөлі;

2) экономикалық сараптауды уақыттан тыс және абстрактілі қисынды постулаттардан, шығарылым, күрделі қор, инвестиациялар мен еңбек

секілді айнымалылардың өзара әрекетін зерде-  
леу жолымен шынайы жазықтыққа ауыстыруы;

3) жинақтардың ұлттық табыстың тұракты  
бөлігі болып табылатындығын есептеп, дәлел-  
деуі.

Харрод есептеп шығарған экономикалық  
өсүндің «іргелі тендеуі» келесідей:

$$G_A = \frac{S}{V} \quad (1)$$

мұндағы  $S$ -жинақ нормасы,  $V$ -өнімнің капитал  
сыйымдылығы.

Ендеше жинақтап қорытындылайтын болсақ, экономикалық өсу қарқыны жинақ-инвестицияларға тікелей пропорционалды да, капитал сыйымдылығы көрсеткішіне көрі пропорционалды болады. Харрод мәселені келесідей қояды: «Егер өсу қарқыны байқаулар мен қателіктерге негізделген жиынтық жеке-дара шешімдермен шартталатын болса, онда ол негізгі ережелер талап ететін жағдайлардан басқаша болады, сонда осы қарқынды негізгі ережелер анықтайдын өсу жолына бағыттап, түзетуге ұмтылатын күштер табыла кояр ма екен» [4].

Бұл сұраққа Харрод теріс жауап береді. Мұның өзі оның теориясы қысынына сай келеді. Қолда бары мен қажеттісі айырмашылықтарының әрдайым-ақ үлкен ықтималдығы болады, сондықтан басқа да кейнсиандыктар секілді Харродтың да пікірі бойынша капиталистік экономиканың механизмі де олардан ада емес. Керінше егер, өсүндің шын мәніндегі траекториясы тепе-тендік деп атауға болатын траекториядан ауытқыса болғаны бұл механизм ондай сәйкесіздікті күшайте түседі.

Егер шын мәніндегі өсу қарқыны кепілден-дірілгеннен артық болса, онда аз инвестициялар жағдайында көбірек өнім алуға болады. Бұл кезде инвестицияның акселераторы мультилипликатор механизмін іске қосады да, экономикалық өсүнді жеделдетеді. Егер кері ситуация орын алып шын мәніндегі капитал сыйымдылығы күтілгеннен артып кетсе (яғни шығарылым бірлігіне көбірек күрделі қаржы қажет болғанда), онда бұл инвестицияны қысқартуға белгі болады да мультилипликатор өнім шығарылымын төмөнде-ту жағына қарай әрекет етеді. Мұның расында солай болатындығын «өздігінен күшайетін про-цесс» ретінде қарастыруға болады.

Харродтың экономикалық өсу теориясы идеяларынан шығатыны, капиталистік экономиканың орнықты өсуі үшін жұмысшы күшін то-лық қамту мүмкіндігіне сәйкес инвестициялар мен жиынтық сұранысты реттеу қажет. Бұған

Харродтың өсуге қажетті жағдайлар жасаудың практикалық қыыншылықтары туралы пікірін де коса айтуда болар.

Харрод-Домар зерттеулері күні бүтінге дейін пікірталастарға дем беріп келеді. Бұл пікірталастардың басты мәселе мынада: «пышақтың жүзінде» тенселеу Харрод-Домар теориясының әл-сіздігі ме, жоқ, әлде капиталистік экономиканың тұрақсыздығын көрсете ме? Бұл сұраққа көптеген жауаптар белгілі. Бірақ, ең көп тараған, танымал жауап 1987жылғы Нобель сыйлығының иегері Р. Солоу қайтарған жауап болып саналады. Ал, Р.Солоу экономикалық өсүндің неоклас-сикалық теориясын жасаушы ретінде есептеледі.

Енді экономикалық өсүндің неоклассикалық концепциясын қарастырайық. Бұл концепцияның негізгі постулаты: «капиталистік экономика тұракты тұрғында өсу және тепе-тендік жағдайында болады, ал егер ол орнықты өсу траекториясынан ауытқыған болса, оны рыноктың өзін-өзі реттеу әрекеті бастапқы траекторияна қайтарады» [5].

Екі қарсы тұрган концепция (кейнсиандық бір жағынан, және неоклассикалық қарсы жағынан), еріне бір-бірінен ерекшеленеді. Бірі капиталистік экономиканың орнықтылығын дәлелдесе, екіншісі тұрақсыздығын көрсетіп бағады. Өсу теориясының үш авторының (Харрод, Домар, Солоу) алғашқы екеуі капитализмге сынни көзкарасы үшін марапаттардан қағылса, үшіншісі капитализмді позитивті бағалауы арқасында Нобель сыйлығының иегері атанды. Идеологиясы заман жоқ деген осыдан болар.

Уақыт өте келе өсу проблемасы өткірене түсіп, өзектілігі артқаны соншалықты, оған жай-баракат қараша мүмкін болмай қалды. Жоғарыда келтіргеніміздей Солоу жұмысының сипаты ерекше болды, оны арнайы әдебиетте экономикалық өсүндің неоклассикалық моделінің эталоны ретінде бағалаудағы бағалай бастады.

Солоу бастапқыдан өзінің мақсаты «Харродтың кепілді және табиғи өсу қарқынына іргелі (фундаменталды) оппозиция болу» деп жариялады. Харрод пен Домардың ұзақ мерзімді кезеңде капиталистік экономика ең жақсы дегендеге «пышақтың жүзінде тенселеуді» деген идеясын сынга ала отырып былай деп жазады: «Харродтың ту-сінігінде тепе-тендіктің шешуші мәселесі өсүндің табиғи қарқыны мен, ал, мұның өзі техникалық өзгерістер жоқ кезде қамтылғандар санының өсуіне тәуелді, өсүндің кепілді қарқының салыстырыуга жетелейді, бұлар, өз кезегінде үй шаруашылықтары мен фирмалардың жинақтау мен инвестицияға әдептеннуіне тәуелді» [6].

Солоу атап өткен қорытындылар Харрод-Домар жүйесі үшін кейнсиандық сараптау әдіснамасымен анықталған болатын. Кейнсиандықадіснамаға сәйкес болашактың белгісіздігі және осыған байланысты сақтану шаралары кәсіпкерлік рух пен жиынтық сұранысты шектейді, сонысымен экономиканы «пышактың жүзінде» ұстап тұрады. Дағдарысқа тайып кетпеу үшін дейді Харрод пен Домар іскерлік белсенділікті ынталандыру және инвестицияларды реттеу жолымен жұмыспен толық қамтуды жүзеге асыру қажет. Р.Солоу өзімен өзі болған экономика тиісті пропорцияларын икемді өзгерту кабілетін игерген, сондықтан ол өсу мен тепе-тендіктің жаңа траекториясын бағындыра алады», – дейді [6].

Р.Солоу өзінің моделін талдаш жасауда Харродтық сараптауды бастапқы шарттар ретінде кабылдады, тек кана сараптауға белгіленген коэффициенттерүшін еңбектің орнын капиталмен еркін толтыруды енгізді. Сөйтіп, проблемалы пайымдауды басқа негізге – неоклассикалық аргументтердің бүкіл жиынтын пайдалануға иек артты.

Еске түсіретін болсақ, өсідің неоклассикалық теориясы (neoclassical growth theory) модельдері мыналардан бастау алады:

1) өндірістік функциядан, мұнда еңбек пен капитал өсу факторлары ретінде қарастырылады;

2) бәсекелік механизмнің мұлтікіздігі мен рынок агенттерінің рынок конъюнктурасының кез келген өзгерістеріне жедел және дәл жауап қайтаруынан;

3) өндіріс факторларын қосқанда бүкіл тауарларға, қызмет көрсетулерге баға жасау еркіндігімен;

4) бір фактордың орнын басқа фактормен еркін ауыстыру, сондай-ақ капиталдың бір сферадан басқа сферада еркін ағылуынан және т.б.

Атальыш жорамалдарға сүйенген неоклассикалық теоретиктердің түгелі бір нәрсені дәлледеп бағады: өзінің табиғаты бойынша капиталистік экономика орнықты және тұрақты түрде жалпы тепе-тендікке үмтүлады, егер орнықтылықты қайсыбір сыртқы жағдайлар бұзатын болса оны залалсыздандыратын қалпына келтіру механизмі әрекет ете бастайды.

Р.Солоу өсідің кейнсиандық моделіне қарсы өзінің бірегей дәлледерін келтіреді және олар бойынша экономика спонтанды (ішкі әсерлер, өз мүмкіндіктері) түрде орнықты өсуге қабілетті, ал ауытқу болған жағдайда қалпына оралады.

Кембридж пікірталастары барысында Солоу және басқа да неоклассиктердің теориялары үш бағыт бойынша қатты қарсылықта тап болды:

а) капиталды қалай түсіндіру керек; б) орнықты өсідің бір траекториясынан екіншісіне спонтанды өту үшін канша уақыт қажет; в)мұның өзі каншалықты және қалайша шынайы болмыспен қабысады.

Солоудың өсу теориясы агрегирленген капитал мен қайтарымның кемі түсіү заңының неоклассикалық концепциясына негізделген. Техникалық прогресс күрделі қаржының арта түсін қалайтындықтан, ал қосымша жұмыс күшін пайдалану мүмкіндіктері жалақы мөлшерлемесі өсіумен шектелгендей капиталдың кемі түсітін қайтарымы экономикага берілген өсу траекториясында орнықтылық импульсін сақтау үшін жинақ нормасын жоғарылату арқылы жүзеге асуы мүмкін. Сонымен бірге бір жұмыскерге шаққандағы шығарылым (басқаша айтқанда еңбек өнімділігі) өндірістік капитал функциясы ретінде пайымдалады. Мұның өзі, біріншіден өндіріс факторларына бағалардың арақатысы мақсатқа сай болған жағдайда еңбектің орнын капиталмен толтыруға және көрініше әрекеттерді кедергісіз аткаруға қабілетті, екіншіден рыноктан бірінші белгі түсे салысымен кез келген бағытқа еркін бет түзей алады.

Капиталды осылайша түсіндіруді көптеген ғалымдар шынайылықтан алыс және ада деп бағалады. Сондықтан Кембридж пікірталастары, негізінен капиталды түсіну төңірегінде қыза түсті. Сол пікірталастарға белсенді қатысушы Фергюсон былай деп жазды: «Бөлу және өсідің неоклассикалық теориясы туындылар болып табылады, бұлардың біріншісі едәуір дәрежеде өндіріс теориясына сүйенсе, екіншісіне капитал теориясы дем береді. Капитал және өндіріс теориялары тығыз байланысты және іргелі. Ал, неоклассикалық теория болса өзінің қарапайым және қарапайым емес түрінде капитал деп аталағын «заттың» іргелі табиғатына тәуелді» [7].

Капиталды ұғыну аспектілерінің бірі-ол ғомогенді (біртекті) немес гетерогенді (біртекті емес) деген сұрақта келіп тіреледі. Егер капитал біртекті болса жеңіл бөлшектеніп желе (тоңба) тәрізді кез келген формага құйыла береді, яғни онымен айла-әрекет (манипуляция) жасап кез келген тұтынуға лайықтап алуға болады. Бірақ оппоненттер капиталдың кез келген формага құйылу қабілетін терістейді. Олардың айтуынша капитал өзінің заттық құрамы бойынша біртекті емес, әсіресе қазіргі өндіріс құрал-жабдықтарының шектен тыс көбейіп, капиталдың жансыздануы (смертьование) жағдайында ол біртекті бола алмайды. Қазіргі құрал-жабдықтардың көптүрлілігі соншалықты, оларды басқа қажеттіліктер-

ге қолдану мүмкін болмай қалды. Неоклассиктердің тілімен айтқанда машиналар және басқа да техникалық құрал-жабдықтардың капитал сыйымдылығы коэффициенті бірінің талабына сай келсе басқа капитал сыйымдылығы коэффициентінің шарттарына мүлде жанаспайды.

Сонымен, Солоу сызған бір траекториядан екінші траекторияға өту сыйбасы қағаздаған тен-тегіс. Ал іс жүзінде мұндай өту көптеген қызыншылықтарға тап болады, кәсіпкерлердің қате шешімдерінен бастап миллиардтаған қаржатты бір машиналар мен технологиялық жүйелерден екіншілеріне, олардың құнын өтеу мерзіміне дейін ауыстыру тіптен мүмкін болмай қалады.

Екінші қағидатты қарсылық орнықты өсудің бір траекториясынан екіншісіне өту мерзімдеріне байланысты. Бұл сұраққа Солоу жауап бермейді. Оның назары түгелдей осылайша өтудің дербес мүкіндіктеріне біржолата ауган. Дегенмен, жапон экономисті Сато бұл мәселені тәптіштеп зерттеуі нәтижесінде капитал сыйымдылығының бір коэффициентінен басқасына өту, сөйтіп жаңа траекторияға шығу, егер мұны шынайы жағдайларға максималды жақындаға зерделесе орташа есеппен алғанда 100 жылдай

уақыт алады екен. Өзінің жұмысын қорытындылай келе Сато былай деп жазады: «Өсудің неоклассикалық моделін пайдалана отырып біз экономиканың бір тепе-тендіктен басқасына жылжуы бойынша оның параметрлері шамасы мен лайықтау кезеңі арасындағы өзара байланысты анықтадық. Эр түрлі экономикалар үшін модельді қолдану нәтижесінде лайықтау кезеңінің өте ұзақ екендігін көрсеттік. Бір тепе-тендіктен басқа тепе-тендікке өту жағдайында экономиканы толық лайықтауга, шын мәнінде ешқашан қол жеткізу мүмкін емес. Біздің есептеулер бойынша толық бейімделудің 90 пайзына қол жеткізу үшін шамамен 50-ден 100 жылға дейін уақыт қажет болады»[8]. Айта кететін бір жайт, Сато өзінің есептеулерінде жинақ нормасына шамалығана өзгерістер енгізген болатын. Сатоның қорытындылары, әрине, өсудің неоклассикалық теориясының ғылыми құндылығын объективті көрсетуге бағытталған даусыз. Жүз жыл ішінде кез келген елдің экономикасында жорамалданған модельдің параметрлері шенберіне сай емес түбекейлі өзгерістер орын алады. Қазақ мәтелімен айтқанда, елу жылда ел жаңа, жүз жылда қазан.

#### Литература

- 1 П. Самуэльсон, У. Нордхаус. Экономикс. – Москва. – «Бином». – 1997. – С.221-222.
- 2 Г.А. Фельдман. К теории темпов роста народного дохода// Плановое хозяйство – 1928. №11. – С.146-170.
- 3 Keynes J.M. The Keynesian Revolution.– Cambridge. –«Cambridge University Press». – 1975. – P.111-113.
- 4 Харрод Р.К. К теории экономической динамики // Классики кейнсианства – 1997. – №2. – С.68-69.
- 5 Solow P.M. Growth Theory.– Oxford. – Oxford University Press. – 1970, – P.171-174.
- 6 Solow P.M. Cambridge and the Real World // Times Literary Supplement– 1975. №3 P.58-61.
- 7 Ferguson C.E.The Neoclassical Theory of Production and Distribution. – Cambridge. – «Cambridge University Press». – 1989. –P.97-69.
- 8 Sato R. Fiscal Policy in Neoclassical Growth Model: An Analysis of the Time Required for Equilibrating Adjustment// Review of Economic Studies – 1963. №5 P.103-105.

#### References

- 1 P. Samuel'son, W. Nordhaus.Economics. – Moskva. – «Binom». – 1997. – S.221-222.
- 2 G.A. Fel'dman.K teoriitempovrostanarodnogodohoda// Planovoehozyastvo – 1928. №11. – S. 146-170.
- 3 Keynes J.M. The Keynesian Revolution.– Cambridge. – «Cambridge University Press». – 1975. – P.111-113.
- 4 HarrodR.K.K teoriieconomiceskoidinamiki// Klassikikeinsianstva – 1997. – №2. – S. 68-69.
- 5 Solow P.M. Growth Theory. – Oxford. – Oxford University Press. – 1970, – P. 171-174.
- 6 Solow P.M. Cambridge and the Real World // Times Literary Supplement – 1975. №3 P.58-61.
- 7 Ferguson C.E.The Neoclassical Theory of Production and Distribution. – Cambridge. – «Cambridge University Press». – 1989. – P. 97-69.
- 8 Sato R. Fiscal Policy in Neoclassical Growth Model: An Analysis of the Time Required for Equilibrating Adjustment // Review of Economic Studies – 1963. №5 P.103-105.

---

|  |  |
|--|--|
| <i>Конербаев Ж.</i>  |  |
| Оргалык Азиядагы ядролык карудан азат аймакқа қатысты ядролык державалардың үстелері ..... 134 |  |
| <i>Буюкеева Б. З. Карабалаева Ж.</i>   |  |
| Казакстан мен Кыргызстан ынтымактастырының мәселелері мен болашагы ..... 140                   |  |
| <i>Сарбасова Р.Е.</i>  |  |
| Женщины Казахстана в политике и на международной арене: гендерная проблематика ..... 144       |  |

**3-бөлім      Раздел 3  
Әлемдік      Вопросы  
экономика мәселелері      мировой экономики**

|  |  |
|--|--|
| <i>Елемесов Р.Е.</i>   |  |
| Введение в экономическую глобалистику: проблемы бедности и международное сотрудничество ..... 152                                  |  |
| <i>Ондағы А.</i>   |  |
| Әлемдік экономиканың ғаламдануы мен дағдарыстың жана үрдістері және «ресурсы мол» елдердегі экономикалық даму мәселелері ..... 162 |  |
| <i>Байгісіев М.К. Оспанбаев Ж.</i>   |  |
| Экономикалық осу теориясындағы бәсекелі екі концепция ..... 170  |  |
| <i>Досымбекова М.С., Карабалаев К.К.</i>   |  |
| Дүниежүзіл кеден үйимы шенберіндегі тауарды кеден шекарасынан откізу тәртібін белгілеу бойынша кейір мәселелері ..... 176          |  |
| <i>Медуханова Л.А., Узбекханов Н.Б.</i>  |  |
| Методы государственного регулирования экспорта: теоретические аспекты и практика применения в Казахстане .... 182                  |  |
| <i>Хамзаева А.В.</i>   |  |
| Эволюция развития валютной политики КНР ..... 190  |  |

**4-бөлім      Раздел 4  
Қазақстанның      Внешнеэкономическая  
сыртқыэкономикалық қызметі      деятельность Казахстана**

|   |  |
|---|--|
| <i>Байдылакова К.И., Кемебаев А.</i>  |  |
| Роль Казахстана в современной евразийской интеграции ..... 202  |  |
| <i>Nurlanova N.K., Kaliyeva A.B.</i>  |  |
| The Eurasian Economic Community is a new opportunity to develop transit potential of Kazakhstan ..... 206 |  |
| <i>Абллаева Н.М., Елемесов Р.Е.</i>   |  |
| Жаңа Энергетикалық Одақ: концепциялары, мәселелері және даму болашагы ..... 212                           |  |
| <i>Дабылтаева Н.Е., Нұржанова А.М.</i>  |  |
| Қазақстан Республикасының колік кластеріндегі даму перспективалары ..... 218                              |  |
| <i>Медуханова Л.А., Кожатаева А.Б.</i>  |  |
| Қазақстан Республикасы Үлгітық Қорының қазіргі жағдайы және тиімді колдану мәселелері ..... 226           |  |

**5-бөлім      Раздел 5  
Халықаралық құқық мәселелері      Вопросы международного права**

|   |  |
|---|--|
| <i>Саягин С.В.</i>  |  |
| Основные законодательные подходы к криминализации агрессии ..... 236                          |  |
| <i>Тусупова А.Ж.</i>  |  |
| Международный договор в системе источников конституционного права ..... 244                   |  |
| <i>Айдарбаев С. Ж., Баитукаева Д.У.</i>   |  |
| Правовая защита экологических прав граждан в государствах-членах Европейского Союза ..... 252 |  |